

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы»
акционерлік қоғамының қызметінде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижесіндегі талдамалық анықтамада
көрсетілген тәуекелдерді жою бойынша атқарылған жұмыстар туралы
А Н Ы Қ Т А М А**

1.Талдамалық анықтамада Заң талаптары бойынша көрсетілген кемшілік туралы ҚР Энергетика министрлігіне тиісті өзгерістер енгізу бойынша ұсыныс жолдау;

Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы төрағасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департамент басшысына, «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысына (22.11.2019 жылы шығыс № 2646/05) ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 24 – бабының 10 -тармағының б) тармақшасына өзгеріс енгізуге ықпал жасау туралы хат жолданды.

(Себебі Компанияның жалғыз акционері – Энергетика басқармасы)

2.Қағида талаптарына сәйкес өтініммен қажетті құжаттар топтамасын толық әрі сапалы қабылдау;

Қағида талаптарына сәйкес, техникалық шарттарды беру бойынша құжаттар топтамасы өтініммен бірге толық және сапалы қабылдау бойынша ұсыным назарға алынып, тиісті құрылымдарымен заңдылықты қатаң сақтау бойынша жұмыс жасалуда.

3.Компания құрылыс жобасының табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігіне келісу жұмыстарын тоқтату;

Ұсыным назарға алынып, электр желілеріне қосуға келісім беру тоқтатылды.

4.Электр желілерінің теңгерімдік тиесілігі мен тараптардың пайдалану жауапкершілігін шектеу актісіне келісім беру жұмыстары Компанияның өтініштерді қабылдау рәсімдерімен жүргізу;

Электр желілерінің теңгерімдік тиесілігі мен тараптардың пайдалану жауапкершілігін шектеу актісіне келісім беру жұмыстары Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес, Компанияның өтініштерді қабылдау рәсімдерімен жүргізілуде.

5.Қазақстан Республикасының энергетика саласындағы уәкілетті органға «Техникалық шарттарды беру және тұтынушыларды электр желілеріне қосу» мемлекеттік қызмет түрлерін «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне» енгізу туралы хат жолдау;

19 желтоқсан 2019 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалымен ұйымдастырылған жиында, табиғи монополия субъектілері қатысып, ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 24 – бабының 5 –тармағына сәйкес, табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарды беруге өтінішті қабылдауды және оны қарау нәтижесін беруді Мемлекеттік корпорация "электрондық үкіметтің" веб-порталы немесе табиғи монополия субъектісінің кеңсесі арқылы жүзеге асыратындығы және **Мемлекеттік корпорация тұтынушыдан осы қызметтерді көрсеткені үшін төлемақы алатындығы** талқыланған. Аталған қызмет түрі Компаниямызда ақысыз түрде көрсетіліп келгеннен кейін, аталған заңға сәйкес, бұл қызмет ақылы болуы тұтынушылар үшін тиімсіз және ол тұрғындар арасында түсінбеушілік тудыруы мүмкін деп есептейміз.

(Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы төрағасына, ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департамент басшысына, Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысына (22.11.2019 жылы шығыс № 2645/05) «техникалық шарттарды беру және тұтынушыларды электр желілеріне қосу», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізу» ұсынымдары бойынша, ықпал жасау жөнінде хат жолданды.)

6,7. Тұтынушыларға жоба жұмыстарын әзірлеу кезінде Реестр тізілімінде бар жобалаушыларды ұсыну; Тұтынушыларға жоба жұмыстарын әзірлеу барысында әр нысанның күрделілігіне қарай арнайы критерийлер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне арнайы хат жолдау;

Тұтынушыларға жоба жұмыстарын әзірлеу үшін техникалық шарттардың арнайы тармағында көрсетілгендей, энергетика саласында жоба жұмыстарын әзірлеуге арнайы рұқсаты бар ұйымдарға жүгіну ұсынылады.

ҚР-ның электрондық лицензиялауы <http://www.elicense.kz/> сайты арқылы энергетика саласында жоба жұмыстарын әзірлеуге арнайы рұқсаты бар ұйымдар туралы мәліметке қол жіткізге болатындығы түсіндіріледі.

Жобалық жұмыстарын әзірлеу барысында әр нысанның күрделілігіне қарай арнайы критерийлер енгізілген жоқ, себебі барлық жобалық жұмыстарды әзірлеу заңнамаға сәйкес жүргізіліп жатыр.

(Алайда, тұтынушыларға жоба жұмыстарын әзірлеу кезінде Реестр тізілімінде бар нақтылап көрсетіп, жобалаушыларды ұсыну мүмкін емес. Себебі, бұл ретте де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы мүмкіндігін туғызады.)

8.Электр энергиясын пайдалану бойынша акт толтыруы барысында тұтынушының келтірген мысалдарын жан – жақты зерттеп, ескеріп жазу;

Ұсыным басты назарға алынып, ол бойынша тиісті қадағалау және қызметкерлер арасында акт толтырылуы кезінде заңдылықты сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу өз аумағы бойынша жауапты құрылым басшыларына тапсырылып, қазіргі таңда қажетті қадағалау жүргізілуде.

9.Компания басшылығына түскен қандай да бір өтініштерін Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарына сәйкес қарау;

Компанияға келіп, кірістелген барлық жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңға сәйкес қарау бойынша, берілген Ұсынымды назарға ала отырып, заңдылықты қатаң сақталу жүргізілуде және тиісті құрылым басшысына тапсырма берілді.

10. Компаниямен (қала, аудан электр тораптарын қоса алғанда) тексеру жұмыстарын жүргізу барысында әр қызметкерде аймағын (көшелері) тексеру құқығын беретін бұйрық немесе өкім көшірмесі болуын қамтамасыз ету;

Компанияның барлық қала, аудан электр тораптарын қоса алғанда, тексеру жұмыстарын жүргізуге құзырлы құрылымдарға, тексеру құқығын беретін өкім көшірмесін тексеру объектілеріне шыққанда өздерімен бірге алып жүруін қамтамасыз ету тапсырылып, жұмыстар жүргізілуде;

11. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң талаптарын сақтай отырып жүргізу және жарты жыл сайын мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органдармен семинар өткізу;

Логистика және мемлекеттік сатып алу бөлімінің мамандары арнайы біліктіліктерін арттыру бойынша семинар – тренингтерге қатысып, біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыстар жасалуда және 2020 жылға мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органдармен бірлесе отырып, семинар ұйымдастыру жоспаланып, өзара келіссөздер жүргізілуде.

(Қыс – көктем мезгілдеріне өтуге және Компания өндірістік қызмет пен электр энергиясын тұрғындарға іркіліссіз жеткізуді қамтамасыз етуге байланысты тиісті шараларды жүзеге асыруына байланысты, аталған мсатып алу түріне жүгінуге мәжбүр болдық. Алдағы уақытта мұндай бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында Ұсыным назарға алынды.)

12. Компанияның барлық қызметкерлерінің біліктілік талаптарын әзірлеу және алдағы уақытта қызметкерлерді Компанияға жұмысқа қабылдау барысында біліктілік талаптарды басшылыққа алу;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығының» талаптарына сәйкес, қазіргі таңда Компания барлық мамандар мен қызметшілерді біліктілік анықтамалығы мен Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі талаптарын сақтай отырып жұмыс жүргізуде.

13. Қайта есептеу бойынша комиссиялық қарау отырысына ашықтық пен шынайылықты қамтамасыз ету мақсатында үкіметтік емес ұйым өкілдерін қатыстыру.

Комиссиялы түрде Басқарма мүшелері мен жауапты құрылымдық бөлім басшылары, Қағида талаптарының тұтынушылар арасында бұзылу деректері орын жағдайда толтырылатын бұзушылық актілері мен қайта есептеу нәтижелерімен тұтынушылар келіспеген реттерде, Компанияға ол келіп түскен өтініштер негізінде, құрылымдық бөлім басшыларынан құрылған уәкілетті комиссия құру туралы шешімімен, аптасына екі рет тұрақты түрде әрекет ететін комиссия құрып, оның мүшелерін негізгі жұмыстарынан бөле отырып, комиссия отырысы өткізіліп отырады.

Қайта есептеу бойынша комиссиялық қарау отырысына ашықтық пен шынайылықты қамтамасыз ету мақсатында үкіметтік емес ұйым өкілдерін қатыстыру, оларды негізгі қызметтерінен бөлуге әкеліп соғып, бірнеше кедергілер тудыруы мүмкін.

Қайта есептеу комиссиямен Қағида талаптарына сәйкес, барлық заңдылықтар сақталуымен жүзеге асырылуына жұмыстар ұдайы жүргізілуде.

Компаниямен Ұсынымға сәйкес алдағы уақытта ҚР-ның заңдарында көзделген барлық талаптардың сақталуы бойынша жұмыстар өз кезегінде жүргізіліп отырады.

Комиссияға қатысу мәселесі оң шешімін табуына тиісті жұмыстар жасалып, байқаушы ретінде қатысуға мүдделі емес тұлғалардың қатысуына шектеулер жоқ екендігін білдіреді.